

2

Руслан Рүстемұлы –
облыс әкімінің
кеңесшісі



4

«Киберспорт та үлкен
еңбекті талап етеді»



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа

ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

Сыр бойы

№115 (21190) 6 тамыз, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

ХОЛДИНГ ҚЫЗМЕТІ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады. Президентке бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы және холдингті дамытудың негізгі бағыттары баяндалды.

Сондай-ақ, инвестициялық және кредиттік портфель 14,3 триллион теңгеге жетіп, 16,5 триллион теңгеге дейін арттады деп болжанып отырғаны, бұл ретте жыл сайынғы таза пайда көлемі 400 миллиард теңгеден асатыны жөнінде мәлімет берілді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша холдингтің қолдауымен 77,5 мың, соның ішінде

кезекте тұрған 11,6 мың отбасы баспанамен қамтамасыз етілді.

Өткен жылы 77 ірі жоба мен шағын және орта бизнеске арналған 27,4 мың жоба қаржыландырылып, экспортқа тауар шығаратын 131 кәсіпкерге қолдау көрсетілді. Ауыл-шаруашылық тауарларын өндіретін 7,2 мың агроқұрылым көктемгі егін жұмыстарын жүргізу үшін 11,4 мың техниканы лизингке алды.

Басқарма төрағасы жүргізіліп жатқан трансформация мен «Бәйтерек» холдингінің жаңа ұзақмерзімді даму стратегиясы жайында айтты. Жоба активтерді тиімді басқару, әлеуетті бизнеске қолайлы жағдай жасау және халықтың тұрмыс сапасын арттыру шараларына арналған проактивті инвестициялық холдинг моделіне көшуі қарастырылды.

Бұдан бөлек, Президентке бірқатар инвестициялық жобаны іске асыру барысы туралы баяндалды. Жыл соңына дейін Инвестициялық кеңестің қарауына импортты алмастыруға, экспорт пен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған 26 жобаны енгізу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету, ұзақмерзімді инвестиция тарту маңызды екенін атап өтіп, шағын және орта бизнесті қолдау тетігін күшейту жөнінде міндет жүктеді. Сонымен қатар азаматтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыруға айрықша назар аударды.

/// МЕЗГІЛ МІНБЕРІ

Мектеп оқушыларына арналған үш ай каникул да аяқталуға жақын. Жаздың соңғы айы басталысымен жаңа оқу жылына дайындық қыза түседі. Бірі мектеп формасын қамдаса, енді бірі оқу құралдарын түгендеп әлек. Ал алғаш рет мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндердің ата-анасын «баламды мектепке биыл берген дұрыс па әлде тағы бір жыл күткен жөн бе?» деген сауал толғандырады. Бұл – бір ғана отбасының емес, қоғамда жиі талқыланатын мәселенің бірі. Өйткені баланың мектепке қадам басатын уақытын айқындауда жас ерекшелігімен қатар оның психологиялық, физиологиялық және танымдық дайындығы да шешуші роль атқарады.

АЛТЫ ЖАС АСЫҒЫС ҚАДАМ БА?

Елімізде бұл мәселе Білім беру туралы заңмен реттелген. Соған сәйкес балалар 1-сыныпқа 6 жасан бастап қабылданады. Атап айтқанда, бала оқуы бастаған күнтізбелік жылдың соңына, яғни 31 желтоқсанға дейін 6 жасқа толуы керек. Егер бала 31 желтоқсанға дейін 6 жасқа толмаса, ол келесі оқу жылын күтеді. Бала 7 жаста мектепке баруға міндетті. Әңгіме жасқа кеп тірелгенде елдің пікірі екіге жарылады. Оның бірі алты жасты қолай көрсе, қарсы тарап мектепке беріп, мыны қатырмаған дұрыс деп есептейді. Дегенмен, бізге сұхбат бергендер түгел дерлік екінші нұсқаны қоштап отыр.

«QazBilim Group» компаниясының басқарма төрағасы, PhD химик Аятжан Ахметжанұлы баланы 6,5 жасан аспай 1-сыныпқа бермеуге кеңес береді.

– Адамның миының даму кезеңі болады. Адамның миы 12-13 жасқа дейін толық даму кезеңін бастан кешіреді. Қазір баланың қағылез, бәрін алып кететін секілді көрінеді. Бірақ мидың көтеру салмағы бала үлкейе келе белгілі болады.

Қазір шамасы жеткен баланыз есейгенде шаршағанын сезесіз. Милдың даму кезеңдерінде оған тым көп салмақ түсіру – қателік. Мектепте пәндер әр пәнінің қиындық дәрежесіне қарай басталады. Мысалы, биология 6-сыныптан, физика 7-сыныптан, химия 8-сыныптан деген секілді. Бұл – адамның әр жасындағы қабылдау мүмкіндігіне қарай зерттеп, қолданысқа енген педагогикалық шешім. Ал баланы ерте мектепке беру осы зерттеулердің бәріне қайшы келеді. Тіпті қазір 5 жасан жана асқан баланы мектепке бере салатындар көп. Неге десе, кейбірі «балам алғыр» дейді, кейбірі «баламды қарайтын адам жоқ» дейді. Екеуі де – балаға жаны ашымағандық, – деп жазды ол Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында.

Қызылорда қаласында орналасқан К.Қарақозов атындағы №235 мектеп-гимназияның директоры Айдана Жауғаншарова да ата-аналардың арасында баласын 6-ға толмай тұрып мектепке әкелуге асығатындар көп екенін айтты.

3-бет

СУАСТЫ ЖЕЛІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢІ

Елімізде телекоммуникация саласындағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – Каспий теңізінің түбі арқылы тартылатын Транскаспий суасты талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) салудың негізгі кезеңі аяқталды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Суасты кабелі Қазақстан жағалауына сәтті жеткізіліп, «Қазактелеком» АҚ мен AzerTelecom International компаниялары жүзеге асырып жатқан жобаның ең күрделі бөлігі саналады. Ақтау – Сумгайыт бағыты бойынша өтетін жана маршрут Қазақстан мен Әзербайжанның цифрлық инфрақұрылымын біріктіріп, Азия мен Еуропа арасындағы деректерді жоғары жылдамдықпен

тікелей жеткізетін дәлізге айналады. Жоба халықаралық байланыс сенімділігін арттырып, екі елдің транзиттік әлеуетін күшейтеді.

Теніздегі құрылыс жұмыстарының аяқталу барысымен кабель төсейтін кеменің бортында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, «Қазактелеком» АҚ

басқарма төрағасы Бағдат Мусин және AzerTelecom International компаниясының бас директоры Ана Нахашидзе танысты.

Аталған жоба 2025 жылы басталған болатын. Мамандар инженерлік ізденістер жүргізіп, оңтайлы бағытты айқындап, кабелді сынақтан өткізді. Суасты кабелін төсеу жұмыстары 2026 жылдың шілде айында басталды. Құрылыс тәулік бойы су сыйымдылығы 20 мың тоннадан асатын мамандандырылған кеменің көмегімен жүргізілді. Жобаға 70 маман тартылған.

«СБ» акпарат

/// ДЕНСАУЛЫҚ

АҒЗА ДОНОРЛЫҒЫ: БІР ШЕШІМ – БІРНЕШЕ ӨМІР

Қызылорда облысында 227 ересек пен үш бала ағза трансплантациясын күтіп жүр. Олардың басым бөлігіне бүйрек ауыстыру операциясы қажет. Бұл туралы №6 қалалық емханада өткен ағза донорлығы мәселесіне арналған кездесуде айтылды.

Ақпараттық-түсіндіру шарасына гемодиализ қабылдайтын, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі диагнозы қойылған және трансплантация бойынша күту тізіміне енгізілген пациенттер мен қала тұрғындары қатысты. Кездесуге ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық мамандары, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қызылорда облысы бойынша бас имамының орынбасары Жақсыбек Әбенев, медицина қызметкерлері мен қоғам өкілдері қатысты.



2-бет

/// БРИФИНГ

ЖОҒАРЫ ТАБЫС ҮӘДЕСІ – ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚАҚПАНЫ

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті қаржы пирамидаларын анықтау, олардың заңсыз қызметін тоқтату, ұйымдастырушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту, залалды өтеу бағытында кешенді жұмыс атқарып келеді.

Жыл басынан бері 5 қаржылық пирамиданың жолы кесіліп, тергеп-тексеру барысында жәбірленушілерге келтірілген залал сомасы 59 млн теңгеден асты. Соттың заңды күшіне енген үкімдері негізінде мемлекет кірісіне құны 5 млн 600 мың теңге болатын автокөлік, 3 млн-ға

жуық USDT криптоактивтер тәркіленді. Әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстардағы қаржы пирамидаларын насихаттайтын заңсыз контентті анықтау бағытында мониторинг жүргізіліп тұрады. Осы күнге дейін қаржы пирамидасының белгісі бар 3500-ден астам сайт бұғатталды.



Ашық деректер негізінде дайындалған К.Орабасев

4-бет



Фото ЖПІ арқылы жасалды

ЖИ – ҰСТАЗДЫҢ КӨМЕКШІСІ

Қазақстан мектептеріндегі цифрландыру үдерісі жаңа кезеңге қадам басты. Электронды күнделік, онлайн-сервистер мен мемлекеттік ақпараттық жүйелер бүгінде білім беру саласының күнделікті құралына айналды. Алайда технологиялық мүмкіндіктер көбейген сайын педагогтердің мойнындағы әкімшілік міндеттердің де көлемі арта түсті.

3-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ОТАНДЫҚ ТАУАРЛАР ТЕҢДІГІН АЛУЫ ТИІС

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық тауарларды қолдауда және ілгерілетуде атқарылған шаралар талқыланды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы көлік-логистика саласындағы бастамаларға, Қызылорда қаласында жүзеге асып жатқан жобаларға тоқталды.

— Күні кеше Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен еліміз үшін ең маңызды жобалардың бірі «Қызылорда-Сексеуіл», «Ұлғайсын-Сексеуіл» және «Бейнеу-Сексеуіл» автокөлік жолдарының құрылысы бастау алды.

Біз Мемлекет басшысының тапсырмасын тиісті деңгейде орындап, жобаларды белгіленген мерзімде ел игілігіне табыстауымыз керек. Сондықтан жол саласына жетекшілік ететін сала басшылары жұмысты қатаң бақылаңыздар.

1-2 тамыз күндері өңірімізге Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлы жұмыс сапарымен келді. Президент саябағы аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлерді, жаңа драма театр мен Президентік кітапхананы, «Қызылорда Арена» спорт кешенін, Титов және сол жағалаудағы медициналық нысандарды көріп, мердігер мекемелерге тапсырма берді. «Тау Group» серіктестігінің өндірістік алаңында жаңа инвестициялық жобалармен танысты. Жауапты басқармалар Қызылорда қаласы әкімдігімен бірлесіп, құрылыс сапасын бақылау, инвестициялық жобаларды жан-жақты сүйемелдеу керек, — деді аймақ басшысы.

Отандық тауарларды ілгерілетуде өңдеу өнеркәсібі, сауда және ауыл шаруашылығы салаларына тұрақты қолдау көрсетіліп келеді.

— 2025-2026 жылдары өңдеу өнеркәсібі мен сауда саласына 32 млрд теңге, ауыл шаруашылығына 60 млрд теңге қаралды. Бұдан бөлек, жыл сайын «Даму» қоры отандық кәсіпкерлерді қолдауға қомақты қаржы бөледі. Бизнеске берілген қаржы мақсатты жұмсалып, салық базасын ұлғайтуға, тұрақты жұмыс орындарын ашуға оң ықпалын тигізуі қажет. Қолдауға ие болған сауда субъектілері заңнамаға сәйкес сауда нысандарындағы сөре кеңістігінің кемінде 50 пайызын отандық тауарлармен толықтыруы тиіс. «Даму» қоры, бұл бағыттағы жұмысты толық сараланыңдар, — деді облыс әкімі.

Сондай-ақ мәжілісте отандық тауарөндірушілердің өнімдерін кедергісіз өткізу, өндірілген тауарларды ішкі нарықпен қатар онлайн платформаларда сатуды жандандыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселелері қаралды.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

РУСЛАН РҮСТЕМҰЛЫ — ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ КЕҢЕСШІСІ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев облыс әкімінің кеңесшісі лауазымына тағайындалған Рүстемов Руслан Рүстемұлын жаңа қызметімен құттықтады.



— Руслан Рүстемұлын баршаңыз жақсы білесіздер. Еңбек жолында Сыр өңірінде жауапты мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарып, 2023 жылы Парламент Сенатының депутаты болып сайланды. Сенаттың әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі ретінде еліміздің, аймағымыздың ең өзекті мәселелерін көтеріп, тұрғындардың ұсыныстарын жеткізді. Заңнамалық актілердің қабылдануына, маңызды жобаларға қаржы бөлінуіне белсенді атсалысты.

Бұған дейін түрлі жауапты қызметтерде мол тәжірибе жинақтап, қоғамдық-саяси ахуалды жетік меңгерген білікті кадр өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқарады деп сенім білдіреміз. Әріптесімізді, жаңа қызметімен құттықтай отырып, алдағы атқаратын жауапты жұмысына сәттілік тілейміз! — деді облыс әкімі.

Руслан Рүстемұлы 1968 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Әл. Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Филолог, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы», «Болашақ» университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 1994 жылы Қызылорда педагогикалық институтының оқытушысы ретінде бастаған. 2008-2015 жылдары Шиели ауданы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, облыстық тілдерді дамыту, ішкі саясат басқармаларының басшысы қызметтерін атқарған.

2015-2023 жылдары облыс әкімінің орынбасары, Сырдария ауданы және екі мәрте Жаңақорған ауданының әкімі, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы болды.

2023 жылы Парламент Сенатының депутаты болып сайланды.

/// ҚАБЫЛДАУ

ЖАҢА ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Осыған орай саланы дамытуда бірқатар бастама қолға алынды. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы және Түрікменстандағы тұрақты өкілі Андрей Михневті қабылдауда бірқатар мәселе пысықталды.



— Маусым айында Астанадағы «Alem AI» халықаралық жасанды интеллект орталығына және бас шаһардың ахуалдық орталығына барып, ондағы жұмыспен таныстым. Сапар барысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің, инновациялық жобаларды қолдау және Astana Smart City тәжірибесін қолданысқа енгізу мәселелері талқыланды, — деді кездесуде.

Мұрат Нәлқожаұлы — Біздің аймақтағы цифрландыру бағытындағы нысандар әр жерде, атап айтқанда, өңірлік «Қызылорда хаб» Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында, IT парктің стартаптары мен резиденттері облыстық жастар ресурстық орталығында, «109» және «112» қызметтері облыстық медициналық жедел жәрдем ғимаратында орналасқан. Оған қоса Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес, Tumo инновациялық, «Tomotow school» жасанды интеллект мектептерін ашу қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда, жалпы көлемі 5-10 мың шаршы метр болатын және барлық цифрландыру салаларын орталықтандыратын жаңа ғимараттың құрылысын бастау ұсынылды. Қазіргі уақытта «BI group» компаниясы

жобаның концепциясын әзірлеуде. Қала әкімдігі жер учаскесін бөлу мәселесін қарап жатыр. Жоба құрылысына шамамен 10 млрд теңге инвестиция тарту жоспарлануда.

— Біз Дүниежүзілік банктің осы жобаға қатысу мүмкіндігін талқылауға және сіздердің ұсыныстарыңызды тыңдауға дайынбыз. Алдағы уақытта да өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыратынымызға сенімдімін, — деді ендігі кезекте облыс әкімі.

Бүгінде жасанды интеллекттің экономиканың барлық саласына енгізу мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп, еліміздегі алғашқы Жасанды интеллект институты өз жұмысын бастады. Бүгінде институтта 240 студент білім алуда. «Қызылорда хаб» оқыту орталығы кейінгі үш жылда 48 стартап жобаны жүзеге асырып, 20 жаңа жұмыс орны ашылды. Қазіргі уақытта облыс бойынша 23 ақпараттық жүйе бар. «Электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында 4 жүйе орналастырылған. Олар ақпараттық қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келеді.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА ГАРНИЗОНЫНЫҢ ӘСКЕРИ ПРОКУРОРЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте ҚР Бас прокуратураның бұйрығымен Бас әскери прокуратураның Қызылорда гарнизонының әскери прокуроры лауазымына тағайындалған Снопов Роман Федорович таныстырылды.

Жаңадан тағайындалған басшыға нақты тапсырмалар жүктелді.

— Роман Федорович өзіне жүктелген жауапты қызметті абыроймен атқарып, аймағымызда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жолында нәтижелі еңбек етеді деп сенеміз. Жаңадан тағайындалған әріптестерімізге табыс тілейміз, — деді облыс әкімі.

Роман Федорович 1981 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазақ гуманитарлық заң университетінде білім алған.

Еңбек жолын 2006 жылы ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінде бастап, кейін Қызылорда әскери прокуратурасында түрлі жауапты қызметтер атқарған.



ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Президент Әкімшілігінің келісімі және Бас прокурордың бұйрығымен Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Әйтімбетов Мақсат Абдурахымұлы таныстырылды.



Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев төрағалық еткен мәжілісте жаңа басшыға сала жұмысына қатысты нақты тапсырмалар жүктелді.

— Мақсат Абдурахымұлы өңіріміздегі құқықтық статистика мен арнайы есепке алу жүйесін жетілдіруге, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын нығайтуға елеулі үлес қосады деп сенеміз, — деді облыс әкімі.

Мақсат Абдурахымұлы 1985 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік заң университетінде білім алған. Еңбек жолын 2009 жылы ішкі істер органдарында бастап, әр жылдары прокуратура органдарында түрлі жауапты қызметтер атқарған. ҚР Бас прокуратурасының аға прокуроры, Қарағанды облысы Абай ауданының прокуроры болған. 2025 жылдың сәуір айынан Алматы облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу департаменті бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

АҒЗА ДОНОРЛЫҒЫ: БІР ШЕШІМ — БІРНЕШЕ ӨМІР

Жиын барысында гемодиализдің ерекшеліктері, бүйрек ауыстыру операциясына дайындық, тірі және қайтыс болғаннан кейінгі донорлық, сондай-ақ трансплантациядан кейінгі медициналық бақылау мәселелері кеңінен талқыланды.

ТӨРТ МЫҢНАН АСТАМ АДАМҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК ҚАЖЕТ

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Динара Сарманованың айтуынша, Қазақстанда ағза ауыстыруға мұқтаж төрт мыңнан астам адам ресми күту тізіміне енгізілген.

Қызылорда облысында мұндай тізімде 230 пациент бар. Оның 227-сі — ересек, үшеуі — бала. Сонымен қатар өңірде бүйрек трансплантациясынан кейін дәрігерлердің бақылауында жүрген 108 пациент тіркелген. Үш науқасқа қайтыс болған донордан алынған бүйрек салынған.

— Елімізде бүйрек, бауыр, көздің қасаң қабығы және сүйек кемігі трансплантациясы бойынша күту тізімі жүргізіледі. Тізімдегі пациенттердің басым бөлігіне бүйрек ауыстыру қажет. Өйткені өзімшәлі бүйрек ауруы емделсе әрбір оныншы адамда кездеседі. Біздің басты мақсатымыз — қоғамда трансплантацияға қатысты дұрыс өрі оң көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру, — дейді Динара Сарманова.

Оның сөзінше, облыста трансплантология саласындағы жұмыс қарқын алып келеді. 2023 жылдан бері өңір тұрғындарына 11 бүйрек және бір бауыр трансплантациясы жасалған.

Кездесуде донорлықтың ерікті және қайтарымысыз негізде жүзеге асырылуы қажеттігі де айтылды. Діни сала өкілдері адам ағзасын сауда нысанына айналдыруға болмайтынын атап өтті.

Сонымен бірге уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан тірі донор болған азаматтардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсету тетіктері қарастырылып жатқаны сөз болды. Мұндай ұсыныстардың қатарында донордың балаларына жоғары оқу орнының грантын беру немесе әлеуметтік жеңілдіктер ұсыну секілді бастамалар бар. Алайда донорға тікелей ақшалай төлем жасау қарастырылмайды.

20 ҰҚТИМАП ДОНОРДАН АЙЫРЫЛҒАН

ҚР ДСМ Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық директорының орынбасары Назгүл Жылгелдина өңірге келген мамандардың негізгі мақсаты донор тапшылығының себептерін зерделеп, халыққа трансплантацияның маңызын түсіндіру екенін жеткізді.

— Біз пациенттермен, медицина қызметкерлерімен, имамдармен және қоғам белсенділерімен кездесіп, ағза донорлығына қатысты күрделі мәселелерді талқыладық. Өткен жылы облыста он адамға ми өлімі диагнозы қойылды. Медициналық көрсеткіштері бойынша олардың ағзалары донорлыққа жарамды болған. Алайда бірде-бір отбасы келісім берген жоқ. Биыл да осындай он жағдай тіркеліп, олардың туыстары донорлыққа келіспеді, — дейді Назгүл Жылгелдина.

Маманның айтуынша, ми өлімі — адамның бас миы қызметінің қайтымсыз тоқтауы. Мұндай диагнозды бір ғана дәрігер емес, арнайы медициналық комиссия тиісті тексерулер мен бекітілген талаптарға сәйкес қояды. Тек содан кейін ғана марқұмның туыстарымен ағза донорлығы жөнінде әңгіме жүргізіледі. Отбасының келісімі болмаған жағдайда ағзаларды трансплантация мақсатында алуға жол берілмейді. Сондықтан мамандар тұрғындарға донорлық туралы шешімді отбасы мүшелерімен алдын ала талқылаудың маңызын түсіндірді.

ӘР САҒАТТЫҢ МАҢЫЗЫ БАР

Қайтыс болғаннан кейінгі донорлық кезінде уақыт шешуші рөл

1-бет

атқаралды. Жиында айтылғандай, ағзаны донордан алғаннан кейін оны қысқа мерзімде трансплантация орталығына жеткізіп, операцияны бастап кету қажет.

Бүйректі арнайы жағдайда шамамен 10-12 сағатқа дейін сақтауға болады. Бауыр мен жүректі бірнеше сағат ішінде, ал өкпені одан да қысқа мерзімде реципиентке жеткізу талап етіледі. Осы себепті трансплантация орталықтарындағы дәрігерлер бригадасы, зертхана мамандары мен қажетті құрал-жабдықтар тәуліктің кез келген уақытында дайын болуы тиіс.

— Донор анықталған сәттен бастап бірнеше медициналық топ қатар жұмыс істейді. Ағзаның науқасқа сәйкестігі тексеріліп, күту тізіміндегі пациент анықталады. Одан кейін ағзаны алу, тасымалдау және трансплантациялау жұмыстары жүргізіледі. Мұнда әр минуттың маңызы бар, — дейді республикалық орталық өкілі. — Трансплантация операциясының ұзақтығы ағзаның түріне және науқастың жағдайына байланысты. Кейбір күрделі операциялар 10-12 сағатқа созылса, жекелеген жағдайда алты-жеті сағат ішінде аяқталуы мүмкін. Бүйрек трансплантациясы сәтті өткеннен алғашқы белгілерінің бірі — жаңа ағзаның жұмыс істеп, зәр бөле бастауы. Ал жүрек трансплантациясында донорлық жүректің реципиент ағзасында қалыпты соғуы операция нәтижесін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі саналады.

ТРАНСПЛАНТАЦИЯ ТЕГІН ЖАСАЛАДЫ

Кездесуде ағза ауыстыру операцияларының, трансплантацияға дейінгі тексерулердің және операциядан кейінгі емнің мемлекет есебінен жүргізілетіні түсіндірілді. Трансплантация жасалғаннан кейін пациент өмір бойы дәрігерлердің бақылауында болады. Ағзаның қабылданбай қалуына жол бермеу үшін арнайы дәрі-дәрмектер ішеді және тұрақты медициналық тексеруден өтеді. Жиында айтылғандай, қажетті препараттар мен медициналық қызметтер пациенттерге тегін ұсынылады. Мамандар трансплантацияны тек операциямен шектеуге болмайтынын атап өтті. Бұл — донорды анықтаудан бастап, ағзалардың сәйкестігін тексеру, тасымалдау, ота жасау, кейінгі оңалту мен тұрақты бақылауды қамтитын күрделі медициналық үдеріс.

— Гемодиализ созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастың өмірін сақтап тұратын маңызды ем болғанымен, ол бүйрек қызметін толық қалпына келтірмейді. Пациенттер аптасына бірнеше рет диализ орталығына барып, бірнеше сағат бойы арнайы аппаратқа қосылуға мәжбүр, — дейді Динара Сарманова. — Ал сәтті жасалған бүйрек трансплантациясы адамның қалыпты өмірге оралуына, білім алуына, еңбек етуіне және күнделікті тұрмысын диализ аппаратына тәуелсіз жалғастыруына мүмкіндік береді.

Алайда донорлардың аздығына байланысты көптеген пациент жылдар бойы өз кезегін күтеді. Кейбір науқастарға қажетті ағза уақытында табылмай қалуы да мүмкін. Сондықтан жиынға қатысқан мамандар донорлықты тек медицина саласының мәселесі ретінде емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігін талап ететін маңызды тақырып ретінде қарастыруға шақырды.

Басқосу соңында пациенттер мен тұрғындар мамандарға көкейлеріндегі сауалдарын қойды. Қатысушылар тірі донордың денсаулығын қорғау, қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа келісім беру тәртібі, операцияның қауіпсіздігі және трансплантациядан кейінгі өмір салты туралы сұрақтарға жауап алды.

Сондай-ақ халық арасында ағза донорлығы жөніндегі ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту, медицина мамандарымен қатар дін өкілдері мен қоғам белсенділерін де осы жұмысқа кеңінен тарту жөнінде ұсыныстар айтылды.

Мамандардың пікірінше, тұрғындарға нақты әрі түсінікті ақпарат беру донорлыққа қатысты қорқыныш пен қате түсініктерді азайтуға көмектеседі. Өйткені бір адамның донор болуға берген келісімі бірнеше науқасқа жаңа өмір сыйлауы ықтимал.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

АЛТЫ ЖАС АСЫҒЫС ҚАДАМ БА?

– Білімге икемі бар, мысалы, көбейту кестесін жатқа білетіндері кездеседі. «Алғыр еді, тез игеріп кетеді!» деп, әсіресе, қыздарын ерте ертіп әкеледі. Бірақ ондайлар ілуде бір. 6 жастағы бала ойынмен өседі. Сыныпта көбіне қалғып-мүлгіп отырады. Өзім тұңғышымды 1-сыныпка апарар алдында мамандармен ақылдастым. Соған сүйеніп мектеп табалдырығын 7 жасты толтырып аттады, – дейді ол.

Жаңа оқу жылын асыға күтіп жүрген ата-аналардың бірі – Қызылорда қаласының тұрғыны Қыдыргүл Аманова. Кенжесі биыл жазда 6-ға толды. Басқа балалармен бірдей етіп оның да киім-кешегін, құрал-жабдығын түгендеп қойды. Зерек әрі ойы үшқыр болғасын әкесімен ақылдасып осындай шешімге келген көрінеді.

– Меніңше, баланың даму қабилетіне мән берген дұрыс. Мұғалімнің айтқанын тез қағып алатын қағылзес екенін ата-анасынан жасық біледі. Сондықтан біз 6 жасты ерте деп есептейміз, – дейді ол.

Қазалы ауданының Қазалы қаласындағы Ғ.Мұрат-



Оқуғанын білгеннен

баев атындағы №17 қазақ орта мектебінің мұғалімі Асылзат Қайназарова бірнеше жылдан бері бастауыш сыныпка сабақ беріп келеді. Тәжірибесінен түйгені, баланы мектепке беруге ең қолайлы жас – 7 жас.

– Осы кезеңде баланың ойлау, есте сақтау қабилеті және сөйлеуі жақсы дамиды. Сонымен қатар бала өз ойын айтып, мұғалімнің тапсырмаларын еркін орындай алады.

Мектепке дайын бала ұзақ уақыт отырып оқуға, жазуға және тәртіп сақтауға бейім болады. Ол басқа балалармен тез араласып, жаңа ортаға бірден үйренеді. Сондықтан ата-аналар баланың тек жасына емес, психологиялық және денсаулық жағдайына да назар аударуы керек. 6 жастан бастап мектепке келген баланың даму процесі әртүрлі. Қазіргі шырлық заманда көп баланың зейіні

тұрақсыз, сабаққа көңіл бөле алмайды. Сол себепті ата-аналар баланың қызығушылығы мен дайындығын ескеріп шешім қабылдағаны жөн, – дейді ол.

Қызылорда қаласындағы Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектептің педагог-психологі Жанерке Исмайлова бұл мәселеде жасқа емес, баланың психологиялық және физиологиялық дайындығына қарауды ұсынады. Өйтсе де, ең қолайлы табиғи жас – 7 жас, онда да 6,5-7,5 жас аралығы екенін алға тартты.

– Қазіргі ата-аналар баланың әріп тану, санау, оқу сияқты зияткерлік дамуына қатты мән береді. Бірақ эмоционалды ерік-жігерін назардан тыс қалдырады. Мектеп – білім ордасы ғана емес, үлкен әлеуметтік орта және психологиялық жүктеме. Баланың мектепке дайын екенін білу үшін 3 маңызды факторға назар аудару қажет. Біріншіден, 6 жастағы бала – әлі ойын баласы. Оның миы ақпаратты тек ойын арқылы қабылдауға бейімделген. Бала 7 жасқа қарай ерікті зейін кезеңіне өтеді, яғни өзіне қызық емес болса да, мұғалімді тыңдау, 45 минут бір орында отыру, ережеге ба-

ғыну сияқты қасиеттер дәл осы шақта қалыптасады. Келесі фактор – әлеуметтік бейімделу. Баланы мектепке бермес бұрын оның қатарластарымен қарым-қатынасына, өз бетінше шешім қабылдауына, сәтсіздіктерге қалай жауап беретініне, мысалы, қателік жібергенде жылап қалмайтынына қарау керек. Ортаға әлеуметтік бейімделуі төмен болса, бала мектептен жалығады. Ескеру керек тағы бір нәрсе – баланың физиологиялық дайындығы. Жүйке жүйесі, оймыртқасы және қолдың ұсақ моторикасы, яғни жазуға дайындығы 7 жаста барынша бекіді. 6 жаста бұл жүйелер әлі нәзік болады. Бала 6 жаста зерек болып көрінгенімен, тез шаршаса, жылауық болса, ойынға қанбаса, оның балалық шағын ұрламай, тағы бір жыл мүмкіндік берген жөн, – дейді психолог.

Сондықтан ата-аналарды баланы мектепке ерте беріп, өзгелермен жарыспауға шақырады. Ең бастысы, бала мектепке қорқынышпен емес, қызығушылықпен, білімге құштарлықпен баруы керек.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

мобильді қосымша немесе мессенджер арқылы алып отырады. Осылайша, бір ғана цифрлық кеңістік ұстазды, оқушыны, ата-ананы және мектеп әкімшілігін өзара байланыстырады.

Сыр өңіріндегі алғашқы тәжірибе

Қызылорда облысында Work платформасын сынақтан өткізу жобасы өткен жылдың қыркүйек айында басталды. Осы уақыт ішінде педагогтар арнайы оқудан өтіп, жүйенің негізгі қызметтерін күнделікті жұмыста қолдана бастаған. Мұғалімдер мен мектеп басшылығының ұсыныстары әзірлеушілерге де жеткізіліп отыр.

Жобаның продакт-менеджері Нұрсат Хобдабаевтың сөзінше, кез келген цифрлық шешімнің тиімділігі оны тікелей пайдаланатын мамандармен тығыз байланыста жетілдіруге тәуелді.

– Біздің негізгі міндетіміз – мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, күн сайын қайталанатын шаруалардың көлемін азайту. Сонымен қатар заманауи әдістер мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сабақты оқушыға қызықты әрі нәтижелі етуге ұмтыламыз, – дейді ол.

Әзірлеушілер үшін ұстаздардың практикалық тәжірибесі ерекше маңызға ие. Себебі бағдарламаның техникалық мүмкіндігі мектептің нақты қажеттілігімен ұштасқанда ғана нәтиже береді. Педагогтердің ұсыныстары негізінде жүйеге өзгерістер енгізіліп, кейбір қызметтер жетілдіріледі. Алдағы оқу жылында мектеппен бірлескен жұмыс жалғасын таппақ.

Бүгінде Work орта білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің қолданудың нақты мысалына айналып отыр. Бір платформада сабақ жоспарын әзірлеу, презентация дайындау, үлгерімді бақылау, есепті автоматтандыру, оқушыға қосымша түсінік беру және ата-анамен байланыс орнату мүмкіндіктері біріктірілген.

Дегенмен білім саласындағы цифрлық өзгерістің өзегінде әлі де адам тұр. Жасанды интеллект ақпаратты санаулы секундта өңдеп, жоспар жасап немесе талдамалық есеп ұсына алады. Бірақ баланың көңіл күйін байқау, оның қабилетін ашу, жігерлендіру, қиын сәтте қолдау көрсету сияқты міндеттерді ешбір бағдарлама толық атқара алмайды.

Сабақтың бағытын айқындайтын да, оқушының ерекшелігін ескеріп, дұрыс педагогикалық шешім қабылдайтын да – мұғалім. Сондықтан білім беру саласына жасанды интеллект енгізудің мақсаты – ұстазды технологиямен алмастыру емес, керісінше, оның уақытын қағазбастылықтан босатып, бар күшін бала тәрбиесі мен сапалы білімге жұмсауына мүмкіндік беру.

Уақыт – мұғалімнің ең құнды ресурстарының бірі. Цифрлық көмекші сол уақытты үнемдеген сайын ұстаз бен шәкірт арасындағы жанды қарым-қатынасқа, терең түсіндіруге, жеке қолдау мен шығармашылық ізденіске көбірек мүмкіндік туады. Ал технология ешқашан алмастыра алмайтын білімнің басты құндылығы да осында.

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Менің ата-бабамның қоныстанған жері – Шиелі өңірі. Осы өңірден пойызбен өтіп бара жатқан кісілерге қорым көрінеді. Бұл – жеті әулие жатқан Оқшы ата қорымы. Соның бірі Есабыз әулие кесенесі. Кесененің қазіргі формасы өте әсем, ақ мрамормен әрленген, алыстан мәнмұндалап, көз тартып тұр. Жол түсіп, әрлі-берлі өткен сайын әкемді есіме аламын. Өйткені, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары құлауға шақ қалған Есабыз әулиенің кесенесін жөндеген азаматтардың ішінде әкем Сүйіндіков Бекқожа да болған еді. Бүгінгі таңда Президентіміздің бастамасымен жаңа қоғам құрамыз деп өткенге жанаша көзқараспен қарау, жіберілген кемшіліктерді түзету, ақиқат пен әділеттікті қалпына келтіру бағытындағы көптеген игі істің куәсі болып жүрміз. Осы орайда, биыл тірі болғанда ғасыр тойын тойлар едік-ау дейтін әкемнің басынан өткен оқиғаларын қағазға түсіріп отырған жағдайды бар.

Әкем Бекқожа Сүйіндіков 1926 жылы шілдеде ауқатты шаруа отбасында дүниеге келген. Сыр бойына белгілі Аман әжі (қажы) Мемібайұлының кіші баласы Сүйіндік молданың кенжесі. Сүйіндік атам колхоздастыру науқаны, жұрт малынан айырылып, ашаршылық басталған кезде түйелерімен Өзбекстан, Тәжікстанның таулы аймақтарына қоныс аударып, күн көріпті. Дегенмен, елден жырақ жүрудің машақатын сезініп, елге қайта оралып, түйелерін Ащықұдық колхозына өткізіп, колхозшы болады. Соғыс басталғанда атамның үш ұлы мобилизацияға ілініп, тек Ермахан көкем ғана ауыр жараланса да, елге аман-есен оралыпты. Ал Нұрмахан, Бекмахан көкеміз хабар-ошарсыз кетіп, кейінгі жылдары ғана соғыста қайтыс болғанын білдік.

Әкем еңбек жолын 1943 жылы Тартоғайдағы Қызылорда теміржол депосының қосалқы шаруашылығында (подхоз) сексеуіл дайындаушы болып бастайды. Соғыс жылдары көмір тапшылығы орын алып, паровозға сексеуіл пайдаланса керек. Біздің елімізде «Ұлы Отан соғысы» атанған екінші дүниежүзілік соғыс жеңіспен аяқталып, халық есін жия бастаған кезде әкем 1948-1952 жылдары Шымкенттегі ауыл шаруашылығы техникумын үздік бітіріп, Мәскеудегі Тимирязев ауыл шаруашылығы академиясына жоллама алады. Бірақ соғыста үлкен ұлдарынан айырылған атам оны Мәскеуге жібермей қояды. Сөйтіп, өз мамандығы бойынша Шиелі ауданында жұмысқа орналасады. Ауыл шаруашылығында өзат тәжірибені насихаттау жөніндегі үш агрономның бірі болды. Олар – Әнес Алтынбеков, Мұстафа Тәжіков, Бекқожа Сүйіндіков. Әкемнің айтуынша, олар сондай қиын-қыстау кезеңде елдің игілігі, халықтың тезірек соғыс зардабынан көтерілуі үшін күні-түні аттан түспей жұмыс атқарған. Ол жөнінде екі мәрте Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың «Өмір жолдары», агроном-ғалым Әнес Алтынбековтің «Нан қадірі» кітаптарында толығырақ баяндалған. Бір сөзбен айтқанда, әкем Шиелі ауданында күршітен мол өнім алудың ғылыми агротехикасын пайдалануда бастамашыларының бірі болған.

1954 жылы анамыз Әбішева Ұлтаймен отау құрады. Ташкент ауыл шаруашылығы институтына сырттай оқуға түседі. 1956 жылы Ащықұдық, Талаптан сияқты шағын шаруашылықтардың басы біріктіріліп құрылған «Қазақстанның ХХХ жылдығы» колхозының бас агрономы болып тағайындалады. 1960 жылы Шиелі ауданында жеміс ағаштарының көшетін жергілікті жерге бейімдеп, облыс шаруашылықтарына тарату мақсатында тәлімбақ (питомник) құрылып, әкем бас агроном қызметіне бекітіледі. Бұл менің есе біле бастаған кезім болатын. Жаңа іске әдеттегідей құлшына кіріскен әкем іскерлік танытады. Молдова елінің мамандарымен қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасып, іссапарға барып келгені есімде қалыпты. Ол жатқан келген кісілер біздің үйде айлан қататын.

Ол кездері кадр мәселесін аупартком шешетін. 1961 жылы ауданда өзат тәжірибе тарату үшін ірілендірілген үлгілі «Сырдария» қарақөл совхозы құрылады. Әкем бас агроном болып тағайындалып, совхоздың орталығы Жөлек ауылына көшіп келдік. Бірақ көп ұзамай, жеміс көшетін дайындайтын Питомник – «Шиелі жеміс-жидек» совхозы болып құрылып, әкемді директорлыққа бекітті. Мен баяндайын деп отырған оқиға осы кезде орын алған болатын. Яғни әкемнің Есабыз әулиенің бұрынғы мазарын жөндеуге қатысып, сол үшін қутығна ұшырағанын айтсам артық болмас деймін.

1963 жылы маусым айында СОКП Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ильичев Пленумда атеистік насихат мәселесін күшейту жөнінде баяндама жасайды. Соны жөлеу еткен жергілікті шолак белсенділердің бір-екеуі Оқшы атадағы Есабыз әулие мазарын қалпына келтіруді сұмдық қылмыс ретінде көрсетіп, Шиелі аупарткомының 1-хатшысы Б.Сопековке арыз-шағым жазып, шара қолдануын сұрайды. Мәселе аупарткомның бюросында қаралып, «Жеміс-жидек» совхозының директоры С.Сүйіндіков мазардың құрылысына 250 келі цемент, 250 келі әк бөліп, 2 текше метр тахтайды тегін берді. «Беларусь» тракторын тіркемесімен сол құрылыс материалдарын тасуға пайдаланды. Совхоздың жүк машинасымен



мазардың фундаменті үшін 80 шақырым қашықтан үш күн бойы тас тасып, олардың еңбекқандығы мемлекет есебінен төленді деген айып тағылды. Бұл мәселе жазушы Өтеген Әбдіраманнның «Есабыз әулие» (Алматы, 2005 ж.) кітабында толықтай қамтылған. Бұл айыпқа Сүйіндік атамның молда екені қосылды. Облыстық «Ленин жолы» газетіне «Шиелінің шортандары» деген фельетон жазылды.

Сөйтіп, партиядан шығарылып, директорлықтан босайды. Дегенмен, жазықсыз жазаланғанын ашық айтып, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне апелляция түсіреді. Сол кездегі екінші хатшы Титовтың қабылдауында болған жайды айтып, түсіндіреді. Нәтижесінде, басынан аяғына дейін жаланың жалпаңдығы әшкереленіп, әділеттік орын алып, партия құрамына қайтадан қабылданады. Өрине, бұл жағдай әкеме оңай тимегені анық. Алайда, азаматтық ұстанымы жоғары әкемді қиындықтар еш мойыпта алмады. Керісінше, біздерді, ұл-қыздарын, Отан алдындағы, қоғам алдындағы борышты әрқашан басты мақсат етіп қоюды үйретті. Қайтадан «Сырдария» совхозына бас агроном болып тағайындалып, отбасымыз екінші рет Жөлекке қоныс аудардық.

Әкем Шиелі ауданының тумасы ретінде өзі туған жерінің патриоты болды. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген қағидамен өмір сүрді. 1964 жылы Жаңақорған аупарткомының 1-хатшысы Шәймерден Бәкіров ағамыз сунақ ата совхозына директор болуға шақырғанда: «Мен басқа ауданда еңбек ете алмаймын, еңбегімнің игілігін туған жерім көрсін» деп бұл ұсыныстан бас тартқан еді.

1973 жылы ауданда тұқымдық күрші өсіретін «Авангард» совхозына агроном-селекционер болып ауысып, сол жерден зейнетке шықты. Зейнетке шықса да қол қысырып қарап отырмай, совхоздың бақшасын күтімге алып, Шиелі ауданындағы үлгілі бақшаға айналдырды. Тұрғындарды алма, алмұрт, жүзіммен қамтамасыз етіп қана қоймай, ауданға келген құрметті қонақтар демалатын орынағ айналырды.


Әкемнің еліне сіңірген елеулі еңбектерін айтар болсам, барлық тәжірибесін ортаға салып, жастарға білгенін үйретуден жалықпаған, өмірін озат агротехника әдістерін таратуға, аудан көлемінде өсірілетін дақылдардың тиімді түрлерін насихаттауға арнады. Аудандық «Өскен өңір» газетінде тұрақты түрде жазылған мақалалары басылып шығып, газеттің шаттанған тис тілшісі болған. «Сырдария» совхозында бас агроном болып жүргенде шөлейт аймақтағы шаруашылықта жоңышканың көлемін ұлғайтып қана қоймай, жоғары өнім алып, Бүкілодастық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінен марапаттауына ие болды. «Авангард» совхозында күрші селекциясымен айналысып, Қазақ күрші ғылыми-зерттеу институтының «Қарауылтөбе» тәжірибе станциясынан «Элита» күрші тұқымын алып келіп, аудандағы күрші егетін шаруашылықтарды 1, 2-репродукция бойынша қамтамасыз етіп отырды. Соның арқасында ауданда күршінің өнімділігі артты.

Өрине, еңбегі ескерусіз қалған жоқ. 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін. В.И.Лениннің 100 жылдығы» медалімен, «Тын игерудің 20 және 30 жылдығы», облыстың Құрмет грамотасымен, соғыс кезіндегі тылдағы еңбегі үшін Жеңістің бірнеше мерекелік медалімен марапатталған.

Әкем өз ісінің маманы ғана емес, замандастарының арасында беделді, барынша шыншыл, қара қылды қақ жарған әділ, досқа деген қаміл сеніммен айнымайтын жаны жомарт, көпшіл, қарапайым адам болатын. Жұмысқа бар ынтасымен берілгені соншалық, жаз айларының ыстығында ұшықштарға гербицидті қай жерге шашу керектігін көрсетемін деп, АН-2 ұшағына мініп жүріп, көзінен зақымданады.

2006 жылы 80 жасында өмірден өтті, биыл жырғана жыл болады. Бірде сахабалар Пайғамбарымыздан: «Ең жақсы алам қандай кісі?» деп сұрайды. Алла елшісі: «Адамдардың арасындағы Аллаға ең сүйікті адам – адамдарға көбірек пайдалы болған кісі» деген екен. Өз өмірін өз қолымен құрған, тағдыр тәлкегіне мойымаған, бар ынтасымен адамдарға жақсылық жасаға, қуаныш сыйлауға, мұқтаж жандарға көмектесуге дайын тұратын, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген, ағайын-туысқа меірім, шапағатын төге білген әкемнің азаматтық өмір қолы сондай пайдалы істерге толы деп санаймын.

Ғафуржан СУЙНДИКОВ, ардагер-энергетик, КР Журналистер одағының мүшесі



Оқуғанын білгеннен

ЖИ – ҰСТАЗДЫҢ КӨМЕКШІСІ

Бір сағаттық жұмыс – бір минутта

Жаңа технологияны Қызылорда қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №4 ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің ұстаздары да тәжірибеде қолданып жүр. Математика пәнінің мұғалімі Жанат Байжігітovanың айтуынша, цифрлық көмекші сабаққа дайындалуға кететін уақытты бірнеше есе қысқартқан.

– Бір сабақтың жоспарын әзірлеуге қазір бір минуттан артық уақыт жұмсамаймыз. Жасанды интеллект болмаған жағдайда мұғалім әр сабақтың құрылымын өзі ойластырып, тапсырмаларды іріктеп, мақсаттар мен бағалау өлшемдерін сәйкестендіреді. Бұрын мұндай жұмыс кемінде 45 минут, кейде бір сағат уақыт алатын, – дейді педагог. – Work тек жоспар құрумен шектелмейді. Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын енгізгеннен кейін жүйе қажетті мәтінді жинақтап, оны бірізді контекст түрінде ұсынады. Кейін сол материалдың негізінде презентация да әзірлейді. Бұрын бір презентация дайындауға үш-төрт сағат кететін. Өуелі ақпарат іздеп, оның ішінен керектісін таңдап, мәтінді ықшамдап, слайдтарға орналастыру қажет еді. Қазір осындай жұмыс төрт-бес минуттың ішінде орындалады. Бұл мұғалімге уақыт үнемдеумен қатар,

сабақты мазмұнды әрі тартымды етіп келіруге мүмкіндік береді. Көрнекі материал көбейген сайын оқушының тақырыпқа қызығушылығы да арта түседі.

Осылайша, ұстаз техникалық жұмыстарға емес, сабақтың мазмұнына, оқушының сұрағына және тақырыпты түсіндірудің тиімді тәсіліне көбірек көңіл бөле алады.

Платформаның тағы бір маңызды бағыты – білім беру үдерісіне қатысты деректерді талдау. Бұрын мектеп басшылығы әр мұғалімнен, сынып жетекшісінен немесе пән бірлестігінен ақпарат жинап, оны қолмен салыстырып, қорытынды есеп дайындайтын. Енді қажетті көрсеткіштер жүйеде жинақталып, дайын талдау түрінде ұсынылады.

С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицей директорының орынбасары Айгүл Мырзабекованың пікірінше, аналитикалық модуль цифрлық құралдың қаншалықты тиімді қолданылып жатқанын нақты бағалауға жағдай жасайды.

– Платформа арқылы мұғалімдердің жүйені пайдалану белсенділігін, оқушылардың білім сапасын және білім беру чат-ботының нәтижелілігін көре аламыз. Мәселен, жүйе чат-ботты қолдану тиімділігінің 75 пайыз екенін көрсетіп отыр. Мұндай деректер жалпы жағдайды бағалап қана қоймай, қай бағытқа көбірек назар аудару керектігін анықтауға көмектеседі, – дейді ол.

– Әкімшілік қызметкерлер үшін

есептіліктің автоматтандырылуы да айтарлықтай жеңілдік әкелді. Бұрын әртүрлі кестелер мен құжаттардан мәлімет жинауға жұмсалған уақыт енді оқу сапасын арттыруға, педагогтермен жұмыс жүргізуге және мектептің даму жоспарын жетілдіруге бағытталды.

Work мүмкіндіктері тек мұғалімдер мен мектеп басшылығына арналмаған. Платформада оқушыларға арналған жасанды интеллект репетиторы да бар. Ол балаға күрделі тақырыптарды қосымша түсіндіруге, оқу материалы бойынша туындаған сұрақтарға жауап табуға көмектеседі.

Қызмет қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейді. Егер оқушы сабақ үстінде тақырыпты толық меңгере алмаса немесе үй тапсырмасын орындау барысында қиналса, чат-ботқа жүгініп, сол мәселені басқа тәсілімен түсіндіруді сұрай алады. Бұл, әсіресе, әр баланың ақпаратты қабылдау жылдамдығы мен ерекшелігі әртүрлі екенін ескергенде маңызды.

Платформада оқушының психологиялық қауіпсіздігіне де назар аударылған. Жүйе арқылы маман анонимді түрде баланың мүмкіндігі қарастырылған. Кейде бала өзін мазалаған мәселені мұғаліміне немесе ата-анасына бірден айта алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда құпиялылық сақталған чат алғашқы көмекке жүгінуге жол ашады. Ал ата-аналар баласының сабаққа қатысуы мен үлгерімі туралы мәліметті

/// МЕРЕЙ

Мүрегінің дәттері айғыз-айғыз...

Ақын Гауһар Қожахметова екеуміздің кіндік қанымызды Ұлық Тәңірі «Бозарық» бойына тамызыпты. Бұл көздейсоқтық па, әлде заңдылық па? Сірә, заңдылық болар. Сол заңдылық, міне, оның өлеңдері туралы сөз жаздырып отыр.

«Бозарық» дегенім біздің ауылға сонау өткен ғасырдың басынан, бүгінге дейін өмір нәрін ағызып әкелетін кәдімгі арық қой. Егістік атаулы осы арықты еміп көктеп-көгереді. Бір құлақ саласы ауыл ішін аралап өтіп, әрбір үйдің бау-бақшасына жан бітіреді. Ауылымыздың ауыл болып қалыптасуы соның арқасы. Көктем сайын арқырап судың келгені ауылда ұлы жаналық, көңілді мереке еді-ау! Өсіресе балалар үшін одан өткен қуаныш жоқ. «Бозарық», басқаларға қайдам, бізге сол үшін де аса қастерлі.

Арынды жастығым секілді, «Бозарық» ағатын лайланып, – деп жырға қоюымның да себебі сонда.

Гауһар осы «Бозарықтың» бойында жарық дүниеге менен түп-тура алты ай бұрын келіпті. Сол себепті мектепке де менен бұрын барды. Білімге сусындап, түлеп ұшқан ұямыз – №117 «Мақпалкөл» орта мектебі. Ол оқушы кезінен көркем жырға әуес болып, жанынан өлең шығаратын. Бұл жайында қай кезде білгенім есімде емес, бірақ мектепте бізден бір сынып жоғары оқитын қараторы қыздың жыр жазатыны маған кәдімгідей әсер еткені рас.

Дүниені танысам деген талабы таудай бала көңіл-ай десеіші, кейін білдім, «Мақпал» атты мөддір көлдің маңын мекен еткен біздің ауылда ақындық дертіне шалдыққан Гауһар екеуміз ғана емес екенбіз. Бізден де бұрын ірі ақындар шығыпты. Әбдікәрім Әналбаевты көзіміз көрген жоқ, ал Қошшабай Сүйеніш ағамыз Қызылорда пединститутының филология факультетінде оқып жүрген біздің балауса жырмызға құлақ қойып, сәтті сапар тілеген абызымыз еді. Асқарбай Қожахметов, Махмұтбай Әміреұлы мен Зордан Салықбаев ағаларымыз да біздің ауылдан шыққан шайырлар.

Пединститутта оқып жүргенде-ақ Гауһардың ақын деген аты шықты, студенттер арасында жұлдыздай жарқырап көрінді. Өрине, мен де қалыс қалмадым. Оқу орнында өтетін шараларда жел үрген отша лапылдап, жастық жырларымыз шабыттана оқитынымын. «Шың түлпар дүбір шықса шыдамайды...» деп Ақан сері

айткандай, Гауһар да сол дүбірдің ішінде жүрді.

Алайда біздің өндіріп жазып, жарқылдап көрінер шағымыз өтпелі кезенге тап келді. Біраз жыл нарық заманының иіріміне шым батып, тірлік тауқыметін замандастарымызбен бірге біз де тарттық. Сол кезеңде шығармашылық адамдары шетқаппай қалып, кітап шығару, қаламақы төлеу мүлдем ұмытылғаны да рас.

«Тіл өнері дертпен тең» деген екен ақын Абай. Ұлық Тәңірі дарытқан осы дерт, алайда дегенін істемей қоймапты. Еңбек жолын орта мектепте оқытушы болып бастаса да, кейін біржола шығармашылыққа ауысты. Журналист болып, газетке қызметке тұрды. Жыр жазуды ұмытқан жоқ, «алмас кездік қын түбінде жатпас» дегендей, кейін жүрежарды жырлары көріне бастады. Жырлайтыны көбінесе көңіл күй лирикасы. Өлеңнің төресі де сол ғой. Ақын жырлаған көңіл күй лирикасынан оқырман өзін табады, ішкі әлемінде арпалысқан ахуалды аңғарғандай болады.

Ақындық сапарда булығып өскен Гауһар өлеңдерін топтап, былтыр жыр жинағын шығарды. Атауы қандай десеңіші! «Мақпалкөлдiң аспаны».

«Мақпалкөл» – біздің жастық шағымызға куә болған жер.

Аспан – биіктіктің үлгісі. Тәңірілік ұғым!

Кітаптың осы атаудан-ақ оның жас кезінен биікке ұмтылып өскені, Тәңірілік сөз айтуға талпынғаны байқалады. «Мақпалкөл» атты, қасиетінен айналайын, туған топыраққа деген, осы топырақтан табан аудармай өмір сүріп жатқан ауылда ағайынға деген жүрегі ыстық ықласын, сартап сағынышын, ақ тілегін, шексіз ағысын осынау кітапқа сыйғыза алыпты.

Адамға керегі – туған жердің тыныштығы, ағайынның амаңдығы. Гауһар да бұл тақырыптан шет қала алмайды. Оның кіндік қаны тамған топыраққа деген сағынышы сұмдық. Кісі баласының осынау бір қиық жерді сонша сағынуында не сыр бар? Сөйтсек адам ең әуелі сол аядай ауылда өткен балалық



шағын, бірте-бірте алыстап бара жатқан қамсыз күндерін аңсайды екен ғой. Осы сезімді бір кезде мен былайша жырлаған едім.

«Содан кейін сан қиырға тардық,
Бірте-бірте ұзай берді аралық.
Шықылдаған шымшық торғай секілді,
Туған жерде қалып қойды балалық».

Гауһардың да жүрегі туған жер десе жырлап ала жөнеледі. Бұл сағыныш та ақынның өзіне ғана, оның бейнеленуінде – «Қаламымның ұшындағы сағыныш» болып төгіледі.

«Нөсеріңе жуындым,
Сокпағыммен жүгірдім.
Мақпалкөлім – мақтаным,
Өзіңнің мен туындым», – деп жырласа, тағы бір өлеңінде: Киелі біздің жердің белестері, Артта қалған Мақпалкөл елестері. Қырандарын ұядан көкке ұшырған, Мақпалкөлім тегін жер емес тегі, – деп төгіледі.

Ол туған жер жайлы: «Хан да өткен, қара да өткен тіршілік, Туған жерге қадалған біз бір шыбық» деп ойлы сөз айтса, енді бір өлеңінде: «Туған жердің бұлттарды да мақтадай, Шағыл құмы қариядай ақ самай» деп көз алдына қымбат көріністерді келтіреді. Туған жерді сағыну – өмірдің жарқындығын бағалау ғой.

Өмір кеме ішінде жүзіп келем, Тек жақсысын жүрекке тізіп келем, – деген ол, «Өмір маған ғажап боп көрінеді», – деп үмітті ойын одан әрі жалғайды. Сіз бен біз сүріп отырған өмірді әлдекімдер сияқты сұм, опасыз, жалған деуге оның аузы бармайды. Сары

уайымға салынудан аулақ. Тәңірі кісі баласына (кіші оғлына) өмір беріп қана қоймай, ақыл-ес дарытып, басқа жанды тіршіліктен артық етіп жаратқан. Кісі баласының өмірі жай өмір емес, саналы өмір. Сондықтан ақын осы саналы өмірді жарқын істерге ғана жұмсауға үндейді.

Жайнап кетер кезің бұл,
Бағаласан сезім нұр.
Жүрегінді кірлетпе,
Бір жарқ етер өмір бұл! – деп жырлайды.

Қай ақынның да айтарсы өмірдің мәнісі, сол өмірге өзінің қатысы. Әрбір жанның ішкі дүниесі өзінше әлем, ақын да жеке тұлға. Оның сезіп, біліп жырлағаны көпті толғандырады. «Тәңірі ісі» өлеңінде:

«Мінезді мен жанкешті қалап алдым», – демесем де сан құлап, жараландым. Ет кессе де етімнен қансыратып, Серік қылдым шыдамын қара нардың, – дей келе:

Тауекелдің кемесін мекен еттім,
Өз мұңымды аркалап жеке кеттім, – деп, Мұқағалидың «Өмірде ақандардың бәрі жалғыз» деген әйгілі өлеңін тірілте, жандандыра түседі. Оның жалғыздығы тура мағынасындағы жалғыздық емес, ақынның жалғыздығы басқа жалғыздық. «Жүрегімнің дәлгері айғыз-айғыз» деп өзі жырлағанындай ішкі әлемі арпалысқа толы жалғыздық.

Ақынның жалғыздығы оның оқшау ойлай бастағаны. Шығармашылықта шыңға шыққан ешкім жоқ, тек оған ұмтылу бар. Ал шыңға көтерілген сайын жалғыздықты сезіне бастайсың.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
жазушы, «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы

«КИБЕРСПОРТ ТА ҮЛКЕН ЕҢБЕКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ»

Қызылордалық Нұрбақыт Мирғали – «Қайсар» футбол клубының ресми киберфутболшысы. Ол жуырда 19 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Жапонияда өтетін XX Азия ойындарына жолдама алды. Сондай-ақ Азия бойынша үздік 24 ойыншының тізіміне енді. Спортшылар турнирде киберспорттың eFootball бағытындағы жүлдесіне таласады. Азия ойындары төрт жылда бір рет ұйымдастырылады. Быыл ол Жапонияның Айти және Нагоя қалаларында өтпек.

Киберспорт отандастарымыздың әлемдік аренадағы жетістіктерінің нәтижесінде 2018 жылдың 25 маусымынан бастап ресми спорт ретінде мойындалды. Біз кәсіби киберспортшымен сұхбатта жаңа бағыттың дамуы, осы жолдағы еңбегі мен үлесі туралы әңгіме өрбіттік.



– Алдымен киберспорт дегенге тоқталсақ, ол не? Қазіргі балалардың телефондағы атыс-шабыс ойынын киберспорт деуге келе ме? Сіздің қызығушылығыңыз қалай пайда болды?

– Бұл – жай ғана ойын емес, нақты спорт түрі. Қазақстанда 2018 жылдан бері ресми спорт түрі болып есептеледі. Дәстүрлі спорт сияқты онымен бағытына қарай командалық құрамда немесе жеке айналысуға болады. Балалардың телефондағы ойындарының бәрін бірдей киберспорт деуге келмейді, әрине.

Көп жағдайда ол қызығушылық, хобби ретінде қарастырылады. Бірақ сол қызығушылықтың арқасында ресми турнирлерге қатысып, нәтиже көрсетсе, кәсіби спортшы деңгейіне көтеріле алады. Бала күнімде Playstation мен компьютердегі ойындарға менің де қызығушылығым жоғары болды. Алғашында достарым сияқты хобби ретінде айналысып жүрдім. 2016 жылдан бері қарай қалалық жарыстарға қатыса бастадым.

Ақынның жалғыздығы оның оқшау ойлай бастағаны. Шығармашылықта шыңға шыққан ешкім жоқ, тек оған ұмтылу бар. Ал шыңға көтерілген сайын жалғыздықты сезіне бастайсың.

Sustainable Development журналында жарияланған зерттеуде ғалымдар 1970 жылдан бері халық санының өсуі ресурстарды тұтыну, қоршаған ортаның ластануы және биоаулантүрліліктің азаюымен тікелей байланысты екенін анықтаған.

Мамандардың пікірінше, халық санының біртіндеп көмуі жабайы табиғи экосистемелерге түсетін қысымды азайтып, климат өзгерісінің салдарын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Дарвиннің 150 жыл бұрынғы болжамы расталды

Ғалымдар Қытайдың биік тауларында өсетін Saxifraga candelabrum өсімдігінің жәндіктермен қоректенетінін дәлелдеді. Зерттеу нәтижесі Nature Communications ғылыми журналында жарияланды.

Бұл өсімдік ұсақ жәндіктерді ісімен тартып, жабысқақ безді түкттері арқылы ұстайды. Зертханалық талдау оның жемтігі арнайы ферменттермен қорытып, құрамындағы азотты өз ұлпаларына сіңіретінін көрсетті.

Saxifraga candelabrum Қытайдың Юньнань және Сычуань өңірлерінде, теңіз деңгейінен 2500-3300 метр биіктіктегі қоректік заты аз жерлерде өседі. Бір ересек өсімдіктен орта есеппен 71 ұсталған жәндік табылған.

Чарльз Дарвин 1875 жылы тас жарған тұқымдасына жататын кейбір өсімдіктер жәндіктермен қоректенуі мүмкін деген болжам айтқан. Алайда сол кезде оны толық дәлелдей алмаған. Жаңа зерттеу 150 жылдан кейін бұл тұжырымды ғылыми тұрғыда қуаттап отыр.

Дайындаған Бағлан АМАНЖОЛ «Сыр бойы»

ЖОҒАРЫ ТАБЫС УӘДЕСІ – ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚАҚПАНЫ

– Қаржы пирамидалары – азаматтардың сеніміне кіріп, оларды жоғары табысқа кенелтеміз деп алдап, ақшасын заңсыз иемденуге бағытталған қылмыстық схема. Мұндай ұйымдардың басты ерекшелігі, олардың нақты экономикалық қызметі болмайды. Салымшыларға төленетін қаражат жаңа қатысушылардың есебінен қалыптасады. Соның салдарынан белгілі бір кезеңнен кейін мұндай жүйе құрып, мыңдаған азамат өз қаражатынан айырылып жатады, – дейді департамент басшысының орынбасары Руслан Сатыбалдиев.

Департамент қызметкерлері 21 адам 70 млн теңгеден астам қаржы құйып, ақырында сан соқтырған сондай бір ұйымның әрекетін әшкереледі. «Fari Invest» қаржы пирамидасына қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты.

– Қызылорда қаласының тұрғыны әйелдер киімін сататын дүкен ашып, әлеуетті салымшылармен байланыс орнатқан. Кейін WhatsApp мессенджерінде «Бай қыздар» атты топ құрған. Онда «Fari Invest» инвестициялық жобасы арқылы салынған қаражатқа жоғары табыс төленетінін, сондай-ақ белгілі бір мөлшерде қаржы салғандарға алтын бұйымдар мен «iPhone» ұялы телефоны сыйлыққа берілетінін уәде еткен. Сенімге кіру үшін бірнеше екінші деңгейлі банкте анасының атына жеке кәсіпкерлікке арналған шоттар ашығып, оларды өз қызметінде пайдаланған. Жаңа салымшы тартқан қатысушыларға қосымша сыйақы берілетінін хабарлап, азаматтардың сеніміне кіріп, олардың қаражатын жеке басының пайдасына жұмсаған, – дейді ол.

1-бет.

Сот үкімімен азаматша Қылмыстық кодекстің 217-бабының 3-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылды. 7 жылға азаматтардан ақшалай қаражат және инвестиция тартуға байланысты қызметпен айналысу құқығынан, 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Бірақ Қылмыстық кодекстің 74-бабының 1-бөлігімен 14 жасқа толмаған баласының болуына байланысты жазаны өтеу мерзімі кейінге қалдырылды. Сот жәбірленушілердің азаматтық талабын толық көлемде қанағаттандырды. Сотталғаннан материалдық залалды өндіру туралы шешім қабылданды.

Қылмыстық кодекстің 217-бабына сәйкес қаржылық немесе инвестициялық пирамида құрып, оған басшылық еткен кінәлілерге 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Мұндай ұйымның қызметін ұйымдастырумен қатар оларды жарнамалау да қоғамға үлкен қауіп төндірелі.

– Кейінгі уақытта алапаттар әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, танымал блогерлер мен түрлі интернет-платформаларды пайдалану арқылы азаматтарды заңсыз қаржы жобаларына тартуға тырысып келеді. Осыған байланысты ел заңнамасында қаржы пирамидаларын жарнамалағаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Сондықтан азаматтарды, блогерлерді, қоғамдық пікір көшбасшылары мен жарнама агенттіктерін қандай да бір жобаны жарнамаламай тұрып оның заңдылығын мұқият тексеруге шақырамыз, – дейді Руслан Сатыбалдиев.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



Трамп АҚШ пен Иран келіссөздерінің қалай өткенін айтты

АҚШ президенті Дональд Трамп Вашингтон мен Тегеран өкілдерінің келіссөздері нәтижелі өткенін мәлімдеді, деп хабарлайды Reuters.

«Олар үшін өте жақсы күн болды. Келіссөздер ойдағыдай өтті», – деді Трамп 4 тамызда Лос-Анджелестен ұшар алдында журналистерге.

Америка президенті тараптардың байланысында «үлкен ілгерілеу» қол жеткізілгенін атап өтіп, Иран үшін келісімге келу дұрыс шешім болатынын жеткізді.

«Менің ойымша, келісім жасау ақылға қонымды болар еді. Әрі қарай не болатынын көрейміз», – деді ол. Талқылауларда Ормуз бұғазын қайта ашу және аймақтағы шиеленісті босқарту мәселелеріне басымдық берілген. Келіссөздердің нәтижесі алдағы күндері белгілі болуы мүмкін.

Ғалымдар халықты екі есе азайтуды ұсынды

Зерттеушілер табиғи ресурстарды, биоаулантүрлілікті сақтау және көмірқышқыл газының шығарындарын азайту үшін 2200 жылға қарай Жер тұрғындарының санын төрт миллиард адамға дейін қысқарту қажет деп есептейді.